

# Біріккен Ұлттар Ұйымының Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы

**United Nations Environment Programme  
(UNEP)**

# Ол не?

- Бас Ассамблеяның мемлекеттер мен халықаралық бірлестіктердің қоршаған ортаны қорғау мен жақсартуға бағытталған шараларын тиімді жүзеге асыруын қамтамасыз ететін халықаралық ұйым ретінде көмекші органы.

# Немен айналысады?

- Басқару Кеңесі қоршаған ортаға байланысты халықаралық ынтымақтастыққа көмектесу және осы саладағы бағдарламаның қызметі мен үйлестірілуін басқаруды жүзеге асыру
- баяндамалар мен шолулар жасау,
- дүние жүзі бойынша қоршаған ортаның жағдайын үнемі бақылауда ұстау
- т.б. көптеген шаралармен айналысады.

- Бағдарлама 1972 жылы 15 желтоқсанда құрылды, штаб-пәтері Кенияның Найроби қаласында орналасқан
- ЮНЕП-тің ұраны: "Қоршаған орта өркендеу жолында" [\[1\]](#)

# Ашылу себебі

- Қоршаған ортаны саласындағы бағдарламалардың қосымша қаржыландыруын жүзеге асыру мақсатында, 1973 ж. 1 қаңтарда ерікті ЮНЕП қоры ашылды

# Қазақстан және ЮНЕП

- Қазіргі таңда Қазақстанның ЮНЕП-пен ынтымақтастық шеңберінде: Қоршаған орта қорғау жөніндегі дүниежүзілік қордың (ФГОС) қаржыландыруымен ЮНЕП-тің “Каспий теңізінің биологиялық сан алуандығы және оның жағалауын қорғау” бағдарламасын жүзеге асыру ісі, ЮНЕП-тің Еуропалық аймақтық бюросымен бірге Арал және Каспий теңіздері жағдайлары жөніндегі халықаралық Конвенция жасау мәселелері қарастырылуда.
- Қазақстанда ЮНЕП-тің табиғатты қорғау жөніндегі Заңын шығару және экологиялық Заңдарын енгізу жұмыстары жүргізілуде. [\[2\]](#)

# Міндеттері

- Қоршаған орта сферасындағы халықаралық қатынастарды жақсарту және лайықты саясат ұсыну.
- Қоршаған ортаның жағдайын көрсету.
- Қоршаған ортаға байланысты ақпаратты жинап, тарату.
- Қоршаған ортаның тұрақтылығы туралы аймақтық программаларды дамыту.
- Мемлекет дәрежесіндегі қоршаған ортаны өндіруге керекті қуат пен технологиялық қолдаумен жабдықтау.
- Халықаралық қоршаған орта заңдарын дамытуға көмектесу.
- Қоршаған ортаға байланысты тұжырымдама мен құралдарды қолдануға және дамытуға керекті тәжірибелі ақылдармен жеткізіп отыру

# Құрылымы

1. Ерте ескерту және бағалау
2. Экологиялық саясаттың имплементациясы
3. Технология, өндіріс және экономика
4. Аймақтық ынтымақтастық
5. Қоршаған орта заңы мен Конвенция
6. Коммуникация мен Әлеуметтік ақпарат



# ЮНЕП-ті басқаратын кеңес мүшелері

- ЮНЕП-ті басқаратын кеңес 58 мемлекеттен құрылып, үш-төрт жыл мерзімінде ауысып отырады.
- 16 орын Африка мемлекеттері үшін
- 13 орын Азия мемлекеттері үшін
- 6 орын Шығыс Еуропа мемлекеттері үшін
- 10 орын Латын Америкасы мен Кариб мемлекеттері үшін
- 13 орын Батыс Еуропа және басқа мемлекеттер үшін

# ЮНЕП әлемде

- ЮНЕП жұмысшылары 100-ге жуық мемлекеттерден келеді. Олардың үштен-бірі (шамамен 1000 жұмысшы) Найробиде өмір сүреді және жұмыс жасайды. ЮНЕП-тің кеңселері:
- Африка: Найроби, Кения
- Азия және Тынық мұхиты: Бангкок, Тайланд
- Еуропа: Женева, Швейцария
- Латын Америкасы мен Кариб бассейні: Мехико, Мексика
- Солтүстік Америка: Вашингтон Колумбия аймағы, АҚШ
- Батыс Азия: Манама, Бахрейн